




Маңғыстаудың пайдалы қазбалары

№23 орта мектеп Чулакова Ш.М

- Маңғыстау –Қазақстан Республикамыздың қиыр оңтүстік батысындағы ірі аймақтардың бірі. «Ұйқыдағы ару» атанған бұл өлке бар байлықты астына басқан нағыз қара жамбас мекені екен. Жері түрлі пайдалы қазбаларға бай. Минералды шикізат қоры олардың көптігі, шөгу қуаттылығы, оларды өңдеудің ыңғайлылығы жағынан бірегей және әлемдік геологияда теңдесі жоқ болып табылады.





Шартты белгілер :

Масштабы
1 : 4 000 000


- | | |
|---------------------|------------------|
| ▲ - Мұнай-газ | S - Целестин |
| Б - Битум | Г - Гетит |
| ■ - Көмір | Ж - Уран рудасы |
| ▲ - Темір рудасы | Ф - Фосфорит |
| ▲ - Марганец рудасы | Ф - Тұз |
| ■ - Мыс рудасы | ★ - Емдік балшық |
| | ☒ - Ұлу тас |

Пайдалы қазбалар картасы

Пайдалы қазбалардың негізгі түрлері мұнай мен газ.

- Мұнай юрадан неоген дәіріне дейінгі жыныстардан түзілген қабаттарда кездеседі. Құрамында мұнай бар тау жыныстары жергілікті халыққа ертеден белгілі болған, «оған» қазақ тіліндегі «мұнай» деген сөздің болуы куә. 1832 жылы Г.С.Карелин «Мен бір тамашаны көрдім, ескегіміз қайраңға әр тиген сайын майлақы жасыл бірдеңелер су бетіне жүзіп шығады Сол бір үп-үлкен дөңгелек майлықы шелпекшілерді тексеріп көріп ек, Каспийдің батыс жағалауы мен шығыс жағалауы шылқи бөгіп жатқан тап-таза ақ мұнай боп шықты-деп жазды.





1830-1840 жж. Каспий теңізі жағалауының картасы.

- Маңғыстауды зерттеуге белгілі орыс геологы Н.И Андрусов ерекше көзге түсті. Оның шәкірті М.В.Баярунас түбек байлықтарын ашуға көп үлес қосты. Ол 1910-1911 жылдары фосфорит, 1926-1929 жылдары тас көмір кендерін ашты.



М.В.Баярунастың шәкірті Н.И. Луппов:

- 1928 жылы біз Форт-Александровскіден түйеге мініп, атқа мініп, Қаратауға қарай жолға шықтық. Шығыс Қаратаудың оңтүстік-шығыс бетіндегі Қызылсу құдығының басында аялдама жасадық Бізге сақал-мұртын тықырлап қырғызып тастаған етженді, орта бойлы, орта жастағы бір кісі кеп жолықты. Орыс тілін жақсы біледі. Ол-Тұрмағанбетов Оразмағанбет екен. Жергілікті жердің тұрғындарынан алғашқы барлаушы-зерттеушілердің қатарында **Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы болды.** Қазіргі таңда Жаңаөзендегі мұнай мен газ колледжі осы адамның атымен аталады.





М. Баярунас экспедициясы
Маңғыстау жерінде.

1935-1937 жж.

Ақтау қаласының салынуы осылайша
басталды. 1959 ж.




50-ші жылдарының соңы мен 60-шы жылдарының аяғында Маңғыстау іздестіру жұмыстарына кең көлемде тартылған болып шықты. Мұнай мен газдың кенорындарын толық барлау үшін осы келешегінен үміт күттіретін ауданда 1957 жылдың 1 сәуірінде «Қазақстан мұнайы» бірлестігінің құрамында Форт-Шевченко қаласында құрылды. Қала ыңғайлы орынға қоныс тепкен, материалдар мен жабдықтардың тасымалдануына қолайлы теңіз айлағы бар, Маңғыстаудың ең алғашқы, ең ежелгі мұнайы табылған Түбіжік жазығы жақын орналасқан еді.



Өзен және Жетібай кенорындарының игерілуі

- Өзенде мұнайдың бар екендігі жайлы 1961 жылдың 5 қаңтарында белгілі болды. Бұл бұрғылау шебері Ғазиз Абдыразақов салған Өзен алаңындағы К-18 құрылымдық-ізвестіру ұңғымасының арқасында мүмкін болды. Бар болғаны 380 метр тереңдікте газ қоры анықталды. «Қайдан газ табылса, сол жерден мұнайды да ізде» деген қағида бар ғой, ал кейбіреулер болса «газ-мұнайдың тынысы» деп те жатады. Солай болсын, болмасын, бұл газ бұрқағы Маңғыстаудағы ең алғашқы өндірістік газ бұрқағы болып табылды. Жедел қарқынмен Өзен құрылымын терең бұрғылауға дайындық жұмыстары жүргізіле бастады. Өзен кенорнын ашу мен игеру ісінде маңызды роль атқарғандар қатарында «МНГР» тресінің басшылары Х.Өзбекқалиев, В.Токарев, А.Нұрманов, В. Козмодемьянский, «Қазақстанмұнай» бірлестігінің басшылары С. Өтебаев, Д.Досмухамбетов, Батыс-Қазақстан геологиялық басқармасының басшысы Н.Имашев болды.





1957 жылы көкек айында «Маңғыстаумұнай-газ барлау» тресі құрылды, ал 1961 жылы 05шілдеде Жетібай №6 бұрғылау ұңғысында тұңғыш мұнай фонтаны атқылады.

«Маңғыстаугаз барлау тресі 1957-1960 жылдар аралығында геологияның барлау жұмыстары күрделеніп, 1960 жылы Жетібай терең бұрғылау барлау басқармасы болып өзгертілді.

Терең бұрғылау барлау басқармасының бастығы Хасан Тәжиев.

№ 6 ұңғы Н. Петров бригадасына жергілікті бұрғышылардан жасақталды. Осы ұңғы 2300 метр тереңдікке жеткенде болжамды тереңдіктен НКТ жіберіп жатқанда

1961 жылдың 5-шілдесінде қараңғы түнде мұнай фонтаны атып кетті.

- Мұнайды тұңғыш көруіміз. Бәріміз таңғалып тұрмыз. Фонтан 41 метрлік мұнарадан асып, 5-6 шақырым жерден қара тұман құсап жоғарыдан көрініп тұр екен. Бәріміз қасына келдік. Сол жерге бүкіл халық жиналды. Біреу түйесін өріске жіберіп келе жатыр, біреу қойын айдап тастап келе жатыр. Бәрі қызықтап келіп жатыр. Содан Ералиевтегі базадан бір колхида киім әкеліп жерге төгіп, тау қылып үйіп тастады. Майды басу керек. Фонтанды жабу керек. Қызуы 80 градуспен атып жатқан майға араласуымыз керек. Біз әкелген киімнің шетінен киіп аламыз да 15 минуттан кірісіп кетеміз, 15 мин-тан соң кезек күтіп тұрған жұмысшылар біздерді ауыстырады. Фонтан 3 күн, 3 түн атты. Рысқаливтің бригадасынан 4-5 бұрғышы көмекке келді. Жұмыс қолының бәрін жинап, сол жерге жапты. Жан-жаққа адамдар қойды. Скважинаның аузындағы арматураны бекітетін кілттер мыстан жасалған. Солармен жұмыс жасадық. Қолдарымыздағы құралдарды кезекке келіп ауыстырған жұмысшыға беріп, шығып кетеміз. Демалып алып, қайта айналып кіреміз. Фонтан атып жатыр. Бастықтар ақылдасып, ақыры фонтанды жаптық. Ыссы мұнай саулап ағып жатыр өзен құсап. 10 шақты агрегат 2-3 линия тартып, цемент айдап, жапты ғой. Маңайын тазалау жұмыстары жүрді. Обволова жасалды. Жалтырап жатқасын мұнайды су деді ме екен. Құс келіп түсіп, қырылып жатыр. Фонтан маңына жақын барғызбайды. Мұнай ыстық, спецовканы 15-20 минут сайын ауыстырып тұрдық. Фонтанның басына анадай жерге бір мәшін спецовкі төгіп тастады. 4-5 трактор жан жақтан траншея қазды. Мұнай көл болып ағып жатыр. Алдын бөгеп шұңқыр қазылды. Сол шұңқырлар мұрсатта толып жатыр, күндіз жұмыс, түнде қарауыл қояды. Біздің бригаданың адамдары ғана жұмыс басында болды. Бөтен адамдарды ол жерге жіберген жоқ. Бакудан да кісілер келді. Бірақ қолдап жұмыс жасаған жоқ. Бұрқақты өзіміздің мамандар техниканың күшімен, сумен, агрегатпен тұншықтырып басты. Фонтанның аузы жабылды. 5-6 шақырым жерде мал ауыл бар еді, оны Х. Өзбекқалиев бір адамдарды жіберіп, аулағыраққа көшіріп жіберді. Халыққа: «Малдарыңды жақындатыңдар» деп айтып жатты. Себебі қауіпсіздікті ойлады. Өрт шығып кету қаупі болды ғой. Содан сақтанып мыс құралдармен жұмыс жасадық. Алғашқы фонтан дүние жүзіне Маңғыстауда, Жетібай жерінде мұнайдың мол қоры бар екендігін паш етті. 30-35 метрлік мұнай бұрқағы 3 күн, 3 түн атып тұрды».



Ақтау поселкесі, 1962 ж.



Маңғыстау облысының құрылуы. 1973 жыл, наурыз

Облыс орталығында үш негізгі мұнайлы-газды аймақ бар

- **Бірінші**-Оңтүстік Маңғыстау мұнайлы-газды аймақ Қарақия және Маңғыстау әкімшілік аудандарының жерінде орналасқан Жалпы ауданы 32 мың шаршы. Бұл ауданның мұнайы жеңіл әрі шайырлы болды. Аймақта 13- мұнай-газ кені ашылды. Оның ішінде Өзен, Жетібай, Теңге кендері тиесінше 1965, 1967, 1970 жылдары пайдалануға берілсе, Шығыс Жетібай, Қаржау, Асар, Тасболат, Қарамандыбас, Жоласқан, Түрікменой, Дөңге) кейінгі 10-15 жылдың ішінде игерілді Өзен мұнай-газ кен орнынан алынатын мұнай қоры 500 млн. тоннаға жуық, мұнай газ конденсатты Жетібай кен орны қоры 150 млн. тоннаға жуық.
- **Екінші**-Жем—(Жылыой) мұнайлы-газды аймағына кіретін Порва мұнай кені 1964 жылдан бастап пайдаланылып келеді.
- **Үшінші**-Бозашы мұнайлы-газды аймағы 1981 жылдан бастап игерілу үстінде, негізінен Қаражанбас, Қаламқас өңірінде шоғырланған. Бозашы мұнайының парафині көп, сондықтан ол тез қоюланып қатып қалады. Қаражанбас (1974 жылы 22 қаңтарда жаңа кен орынында аса қуатты мұнай фонтаны атқылады, мұндағы мұнай Өзен мен Жетібайдағы кендер сияқты екі-үш мың метр тереңдіктен емес, бар болғаны үш жүз метр тереңдіктен бабылып отыр.), Солтүстік Бозашы, Қаламқас жалпы бастапқы қоры 350 млн. тоннаға жуықтайды, теңдесі жоқ мұнай-газ кен орындары бар.
- Бозашы түбегінде алынатын жалпы ұлттық қоры 350 млн. тонна
- Қазіргі таңда Маңғыстау облысы аумағында мұнай мен газдың 59 кен орны белгілі. Облыс бойынша мұнай қоры 3156,2 млн. тоннаны, алынатын шикізат – 1440,3 млн. тонна, жиналған олжа -382,7 млн. тоннаны құрайды.



- Облыста 59 мұнай-газ кен орындары - олардың 40-ы «Маңғыстаумұнайгаз» бірлестігінің меншігінде болса, 18-і «Маңғыстаумұнайгазгеология» бірлестігінде. Тек бір кен орны (Қаражанбас) – «Қаражанбастермнефть» мұнай-газ өндіру басқармасына (МГӨБ) қарайды. Мұнай-газ кен орындарының ашылуын төмендегі кестеден көруге болады:
- Мұнай-газ кен орындары көмірсутектер түріне қарай төмендегідей болып бөлшектенеді: мұнай-газ кен орындары – 23, мұнай кен орындары – 22, газ кен орындары – 14. Кестеден көрсетілгендей кен орындардың басым көпшілігі Оңтүстік Маңғыстауда (41 кен орны) және соған сәйкес мұнай мен газдың алынатын қорлары да (бүкіл облыс қорының 66,5%-ы) осы аймақта. Оңтүстік Маңғыстауға Өзен – Жетібай, Жазыгүрлі, Қарақия мұнай-газ зоналары қарайды. Келесі орында Бозащы түбегі, онда 8 кен орны (қордың 29,8%-ы бар, 3-орында – Үстіртте 4 кен орны қордың 2,5%-ы), соңғы орында Оңтүстік Каспий маңы аймағы, 6 кен орны (қордың 1,2%-ы) бар. Маңғыстау мұнай-газ кен орындары бұрынғы Одақтың кен орындары сияқты қордың мөлшеріне қарай өте ірі (қоры 300 млн. т-дан астам), ірі (қоры 30 – 300 млн. т), орташа (10 – 30 млн.т) және уақ (10 млн. т-ға дейін) болып бөлінеді



- Маңғыстау облысы бойынша мұнай мен газды іздестіру –зерттеу мәліметтері жаңа ірі көмірсутегі кенорындарының болашақта ашылу мүмкіндігі бар екендігін көрсетіп отыр.
- Тереңдігі 60 метрге дейін жерлердегі мұнай мен газдың болжамдық қоры 500 млн. тоннаны құрайтын Солтүстік Каспий қайраңындағы ірі кенорын қорларының табылуы осының дәлелі болып отыр.Сондай –ақ Таушық маңынан битумды тау жыныстар кездесіп отыр. Каспий теңізінің су айлағы бөлігінің келешегі зор. Каспий шельфінің тек 600 метр тереңдікке дейінгі мұнай қорлары 500 млн. тоннаны құрайды, бұл Әзірбайжан аймағының қорларынан 4 есе асып түседі. «Жемчужина» теңіздегі мұнай-газ кен орнының табылу дерегі маңызды оқиға болды, бұл Каспий шельфінің жоғары әлеуетін растайды және аймақтың ұзақ мерзімдік келешегін айқындайды. Маңғыстау облысы аймағындағы Каспий теңізінде барлығы – 14 келешегі бар көмірсутегі телімдері орналасқан.



Көмір

- Маңғыстау өңірінің жер асты байлықтарын зерттеген барлаушылар мұнда көмір кенінің мол қоры бар екендігін анықтады. Көмір өлке қазақтарына белгілі болғанымен, ғылыми тұрғыдан зерттеле бастауы ХІХ ғасырдың екінші жартысына келеді. 1874 жылы Барбот-де-Марни Таушық кенін ашты. Маңғыстау көмірі оның жалпы мөлшері туралы нақта деректер тиянақталды. С.Н.Алексейчиктің анықтауынша Маңғыстау көмірінің құрамында 2 процент күкірт бар. Отын-энергетика қажетін өтеу мақсатында СССР Халық Комиссарлар Кеңесі мен ВКП (б) Орталық Комитетінің 1939 жылғы 19 сәуірдегі қабылдаған қаулысына сай СССР отын өнеркәсібі Халық Комиссариаты өзінің бұйрығымен одақтық шахта құрылысы басқармасына Маңғыстаудан тәулігіне бір мың тонна көмір өндіретін алты шахта салуды, үшінші бесжылдықтың аяғына дейін жылына бір миллион көмір шығаратын **12 шахтаны** толық іске қосуды тапсырды. Шахтерлер поселкесін салу үшін қазіргі Таушық селосының бұрынғы «Соцгородок» деп аталатын жерінен 234 гектар жер бөлінді. Сондай-ақ кемінде он мың адамдық тұрғын үй, басқа да мәдени тұрмыстық нысандар салу көзделді. Сөйтіп сол жылы Таушықта «Шахта құрылысы басқармасы» құрылып іске кірісті. Басқару қызметіне кадрлар Мәскеуден келтірілсе, маман жұмысшылар Донбастан, Махашқаладан, Орел облысынан келіп жатты. Жергілікті жерден де жүздеген жұмысшылар алынды, 1940 жылдың алғашқы жартысында шахта құрылысында 1318 адам еңбек етті. Ұлы Отан соғысы басталған 1941 жылы Маңғыстау шахта құрылысы басқармасы өз жұмысын одан әрі жалғастыра түсті.



Ст. № 12

924

Расчетная
ведомость
за Дняро м-ц 1942
по Шахте № 7



Шахта іші.

- 1942 жылы «Шахта құрылысы басқармасының» орнына «Маңғыстау көмір тресі» болып қайтадан құрылып іске кірісті. Құрал-жабдықтар мен локомобильдер Қарағанды темір жолынан және Ашхабадтан жеткізілді. Сөйтіп 1941-1944 жылдары 83644 тонна көмір өндіріліп, еліміздің қалаларына су жолымен жөнелтілді. №2,3,5,6,7 және 8-і шахталардан өндірілген көмір Таушықтан Сартас пристанына тар табанды теміржолмен тасылды
- Шағын вагонеткалар тіркелген «мотовоздар» күндіз – түні жүріп тұрды. Таушық пен Сартас пристансының арасы 22 шақырым еді, Сартас елді пунктінде 70-ке жуық отбасы болды. Олар негізінен жүк тиеу, түсіру жұмыстарымен шұғылданды.
- Соғыстың алғашқы жылдарында Донбастан келген шахтерлер Иван Демидович Фомиченко, Андрей Митрофанович Заславский күндік нормаларын 230-240 пайызға дейін орындап, «стахановтық» рекордтар жасады. Шахтада жергілікті шахтерлер ол кезде жастарының алды 14-16 жастағы бозбала жігіттер еді.
- Облыс аумағында қоңыр көмірдің бес түрі бар. Болжалды есеп бойынша барлық кенорындардағы көмір қорлары 253 млн. тоннаны құрайды. Көмірлердің өзіндік ерекшелігі 20 дейінгі германия көтеріңкі шоғыры, ал кейбір сынамаларда 50 және 100 ж/т, сондай-ақ басқа да себінді элементер шоғыры болып табылады. Бұл осы көмірлерді осы элементтердің өнеркәсіптік шөгінділерін іздестіруге қатысты келешекті болып табылады. Қоңыр көмірді мұнай және газ өндірісінде пайдаланудан басқа осы шикізатты мұнай саласының қажеттіліктері үшін өндірісін ашу болашағы бар



Темір

- Темір рудаларының барынша ірі кенорны – Шығыс Қаратау қыратының орталық бөлігінде орналасқан Бескемпір кенорны. Оның жалпы перспективалы қоры 110 млн т болса, оның 45%-дық темір рудасының қоры 70 млн тоннаға жетеді. Темір рудасының құрамында мыс пен кобальт кездеседі.



- **Облыс аумағында марганец кенорындары бар. Барлау қоры 2,7 млн. құрайды. Оларға Батыс Қаратау жотасынан 3-5 км оңтүстікке 35км-ге ұзына бойы созылып тізбектеліп жатқан Сарытаған, Шақырған, Қарақыз, Қызтұран кенорындары жатады. Руданың құрамындағы марганецтің үлесі 11-12%-ға дейін жетеді.**



Мыс

- Қазіргі археологиялық ізденістер Маңғыстауда орта ғасырларда металл өңдеу кәсібі дамығандығын анықтап отыр. Оған Отпан, Бесшоқы, Машақсай маңындағы көне тұрақтар, сондай-ақ Ақтау қаласынан 10 км теңіз жағалауынан табылған әрқайсысының салмағы 1,6-2,6 кг мыс кесектері куә. Қызылғала жанындағы көне пеш орындары да осыны айғақтайды **Мыс кенорындары Қаратау** жоталарында (Қаратаушық, Отпан, Бесшоқы) пермь-триас дәуірінің шөгінді қабатында кездеседі. Әзірге өнеркәсіптік маңызға оларды ешқайсысы ие болып отырған жоқ. Дегенмен соңғы кезде осы рудалардың құрамынан алтын мен күміс элементтерінің табылуы аталмыш кенорындарын жаңадан зерттеуді, барлауды қажет етеді.




- **Стронций** фотоэлементтердің тобына жатады. Табиғаттағы стронцийдің ең маңыздысы-целестин. Маңғыстауда целистин мен целистин бариттің 20-дан аса кендері табылып отыр. Олар пермь-триастан палеогенге дейінгі қабаттарда кездеседі. Негізгі кен орындары-Ауыртас, Үшқозы, Алтынтөбе, Ұзынсу, Қарасаз, Тасбас, Жаңаауыл т.б
Ауыртас Ақтау қаласының шығысында 35 км жерде орналасқан. Ол өзінің көлемі жағынан теңдесі жоқ сирек кездесетін кенорындарының қатарына жатады.





- Маңғыстау өңірі цемент өнеркәсібіне қажетті мергель, саз, әктасқа бай.
- 50 жылдардың басында Маңғыстаудың жер қойнауында **уран мен жердегі сирек элементтер шөгінділері табылды.**
- **Аумақтың барлық жер бетінде дайын құрылыс материалы -әктасты-ұлутас таралған.**
- Маңғыстаудың ұлутас-әктасы ТМД елдерінде ғана емес алыс шетелдерде де әйгілі болды. Маңғыстаудың әктас-ұлутасы жарға және қаптау материалы ретінде қолданылады. Әктас механикалық-физикалық сапасы жағынан бетон плиталары мен шлакты бетон және күйдірілген кірпіш параметрлерінен асып түседі. Әрлеу материалындағы түстер гаммасы әртүрлі: алқызыл, ақсары және ақтүсті. Әктас-ұлутастардың болжамды қоры бірнеше миллиардтаған текше метрді құрайды. Баланстық қоры 200 млн м³ 30 кенорын барланды.
-
- Әктас-ұлутастан басқа облыс аумағында басқа да құрылыс материалдары кенорындары бар: щебень мен бут өндірісіне арналған тас, кірпіш шикізаты, құрылыс әктасы, ПГС, құрылыс құмдары және т.б. «Шетпе-1» кенорнынан алынатын 5 тен 40 мм дейінгі фракциялы щебень қолданыстағы барлық норматив талаптарына жауап беретін жоғары сапаға ие. Материал жол құрылысы және басқа да құрылыс жұмыстарында ауыр бетонды толықтырушы ретінде қолданылады. Тау шөгінділері қоры 16 млн. м³ құрайды





Мангышлакский ракушечник в рекомендациях не нуждается. Это прекрасный материал, украсивший многие известные архитектурные ансамбли. Расцедрившись на краски, природа одарила ракушечник из Кетыйбайских карьеров теплом вечерних зорь. Машинисты камнерезной машины производственного объединения Аркалык ерінді шапаны бойындағы Аркалыоньдірген ажене таспа Олимпиялар, қа дағамд керк



- **Маңғыстаудың таулы бөлігінде фосфориттер Оңтүстік Ақтауда кездеседі, Қаңға баба, Тобажық, Жалбырт, Таушық және Жангелді фосфор кенорындары болжалды түрде барланған.**
- **Облыс аумағында бекітілген жалпы қоры 10 млн. тоннадан астам 7 бор кенорны белгілі.** Бор құрылыста, ауыл шаруашылығында жануарлар мен құстарды жемдеу үшін, сырлар, шпатлевкалар, басқа да мақсаттар үшін қолданылады. Бордың сапасы 95,1 ден 98,7% дейінгі көмір қышқылды кальцидің болуымен сипатталады.
- **Маңғыстаудың жер қойнауы тұз шөгінділеріне де бай.** Үш ірі ас тұзы кенорындары бар: Қошқар Ата, Қарақия. кенорны Форт-Шевченко қаласы ауданында орналасқан. Ауданы 0,5 шаршы метр экваторияны алып жатыр. Құрамы Na Cl 95,2%, қоры шамамен 300 мың тонна. Қошқар Ата кенорны Каспий теңізі жағалауына өте жақын орналасқан. 25,17 шаршы метр ауданды алып жатыр. Құрамы Na Cl 97%, қоры есептелмеген, алайда ол Маңғыстаудағы ең ірі кенорын болып табылады.

- Минералды тұз түрлерінің ішінде мирабилт, тенардит, және де Өлі қолтықтың төрттік сортаңды шөгінділеріндегі басқа да түрлері белгілі. Сусыз тұздағы натрий сульфаты 73-97 % құрайды.
- 1982-1990 жж. Қоры 630 млн. тонна шикі тұз болатын Үстірт теміржол стансасының батысынан 20 км. орналасқан Жаманайрақты кенорны белгілі болды. Тұз мұнда 17 шаршы метр ауданда орналақан. Қолтық-Қайдақ ойпаты аумағындағы болжалды ресурстар 6,8 млн. тонна шикі тұзды құрайды. Оның ішінде 2,9 млрд. тоннасы натрий сульфаты.
- Маңғыстау халқы тұзды ертеден емге пайдаланып келеді. Мәселен Оңтүстік Маңғыстаудағы Шопан ата қорымынан шығысқа қарай 13 км жердегі аттас көлшіктің және Самдағы осындай көлшіктің тұзына шомылып емделген.
- Осылардың қатарына емдік балшықтар да жатады. Өзрге Бозащыдағы Қияқты балшығы пайдаланылып отыр.



- Қарақия ауданында мұнай мен газды іздестіру жұмыстарын жүргізгенде, Александр Черкасск шығанағының шығыс жағалауында аса үлкен жылу энергиясы потенциалы, тұзы 8,3% сульфат-натрий-хлорид құрамдас жоғары терминалды пласт сулы юра-төменгі бор дәуіріндегі қуатты артезиан бассейні табылды.
- Сулар өздерінің химиялық құрамының, температурасының, жекелеген компоненттерінің және биологиялық белсенді күкіртсутегінің арқасында бальнеологиялық қасиеттерге ие.
- Минералды сулардың басқа кенорны Ақтау қаласында Каспий теңізі жағалауында жоғарғы альба шөгінділерінің су жинағыш кешені көкжиегінде 978 м тереңдікте орналасқан. Судың минералдануы 9,9 л/ж. температурасы 60 градус. Химиялық құрамы бойынша әлсіз шырышты әлсіз сілтілі, құрамындағы бром терапевтіккондицияға дейін көтерілген хлорлы-нетрийлі (19-20 мг/л), кремний қышқылы (40 мг/л) және органикалық заттар (14-18 мг/л). Пайдалану қорлары тәулігіне 0,43 мың текше метр көлемінде немес 5 л. бекітілген. Өңірдің шамамен алғанда аз ғана аумағында фосфориттер, минералды және ас тұздары, темір рудалары кенорындары барланды



- Жетібай поселкесінің солтүстік-шығысына қарай 40 км.бекітілген қоры шамамен 60 млн. тонна «Бекі» кир кенорны орналасқан. Бұл пайдалы қазбаны табиғи-құрылыс жұмыстарына кең қолдануға болады. Кирлердегі битуминозды заттардың болуы өте кең шекте – 80 пайызға дейін жетеді.Шетпе маңынан табылып отырған Бескемпір гетит кенін қосуға болады.Облыста жыл сайын 100 млн м3 тау жынысы аударылады,ал олардың құрамында пайдалы да, зиянды да компоненттер алынбай қалып отыр.

